

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің 8D081 Өсімдік шаруашылығы (мамандықтар: 6D080800 - Топырақтану және агрохимия; 6D081100 - Өсімдіктерді қорғау және карантин; білім беру бағдарламалары: 8D08102 - Топырақтану және агрохимия; 8D08104 - Өсімдік қорғау және карантин) кадрларды даярлау бағыты бойынша 2025 жылғы диссертациялық кеңес

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер.

Есепті жылы 10 отырыс өткізілді, оның ішінде 5 отырыс докторанттардың диссертациялық жұмысын қорғау бойынша.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) - жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

№	Тегі және аты-жөні	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми жетекшілері	ЖОО (оқу орны)
1	Дәулет Нұржан	8D08104 – «Өсімдік қорғау және карантин» білім беру бағдарламасы	Молекулалық маркерлерді қолдана отырып, алманың перспективалы сорттарын <i>Erwinia amylovora</i> (бактериялық күйік қоздырғышы) ауруына төзімдігін скринингтен өткізу	1. Кайрова Гулшария Нурсапаевна – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ҚР ҰАҒА академигі 2. Божена Лозовичка – PhD, профессор, Өсімдік қорғау институтының директоры, Белосток қаласы (Польша)	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
2	Солтанаева Акерке Мырзабаевна	6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» мамандығы	Күкіртті тыңайтқыштардың топырақтың химиялық құрамы мен күздік бидай өнімділігіне әсері	1. Сулейменов Бейбут Уалиханович – а.ш.ғ.д., ҚР ҰАҒА академигі, «Ө.Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу институты» ЖШС «Агрохимия» бөлімінің бас ғылыми қызметкері. 2. Роберт Джей Гус – Ph.D докторы,	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

				«Топырақтану және агрохимия» бөлімінің профессоры, Солтүстік Дакота Штаты Университеті (NDSU, АҚШ).	
3	Арғынбаева Әсель Мұхтарқызы	6D081100 – «Өсімдік қорғау және карантин» мамандығы	Фитосанитарный статус картофелеводства по основным вирусным болезням в Казахстане	1. Шамекова Малика Хабидулаевна - PhD, профессор, Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтының «Селекция және биотехнология» зертханасының меңгерушісі. 2. Календарь Руслан Николаевич - PhD, Хельсинки университетінің профессоры (Хельсинки, Финляндия).	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
4	Дубекова Салтанат Бакытжановна	8D08104 – «Өсімдік қорғау және карантин» білім беру бағдарламасы	Күздік бидайдың сары тат ауруына төзімділік селекциясына бастапқы материал шығарудың иммунологиялық негіздері	1. Сарбаев Амангельды Таскалиевич – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, ҚР ҰАҒА академигі, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институты. 2. Кумарсе Назари (Kumarse Nazari) – PhD, ICARDA – Regional Cereal Rust Research Center орталығының жетекшісі (Измир қ., Түркия).	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
5	Бейсенбаева Маусымжан Есболовна	6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» мамандығы	Оңтүстік Қазақстанның кәдімгі сұр топырақтарының суару және минералдық	1. Жаппарова Айгуль Абсултановна - ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Қазақ	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

			<p>қоректену режимдерін оңтайландырудың майбұршақ өнімділігіне әсері</p>	<p>ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Топырақтану, агрохимия және экология» кафедрасының профессоры; 2. Сыдық Досымбек Алмахамбетұлы – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰАҒА академигі, «Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ның Егіншілік және өсімдік шаруашылығы бөлімінің бас ғылыми қызметкері. 3. Карагич Джура – PhD докторы, Егіншілік және көкөніс шаруашылығы институтының Жемшөп дақылдары бөлімінің меңгерушісі (Нови Сад к. Сербия).</p>	
--	--	--	--	---	--

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Дәулет Нұржанның диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Молекулалық маркерлерді қолдана отырып, алманың перспективалы сорттарын *Erwinia amylovora* (бактериялық күйік қоздырғышы) ауруына төзімдігін скринингтен өткізу». Докторант Қазақстанда алғаш рет ең тиімді SNP-маркерлерді пайдалана отырып, бактериялық күйік қоздырғышына алма ағашының генетикалық тұрғыдан орнықты перспективалы сорттарды анықтау бойынша ғылыми зерттеулер жүргізді.. Қазақстанның негізгі жеміс аймақтарында алғаш рет молекулярлық-генетикалық сәйкестендіру нәтижесінде бактериялық күйік қоздырғышына төзімді перспективалы алма телітушілері анықталды. Талдау нәтижелері бойынша алынған деректер негізінде селекциялық процесті жетілдіру және жоғары сапалы жемістер

өндіру үшін бактериялық күйікке төзімді алма сорттары мен телітушілерін қолдану бойынша ұсынымдар әзірленді.

Солтанаева Акерке Мырзабаевнаның диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Күкіртті тыңайтқыштардың топырақтың химиялық құрамы мен күздік бидай өнімділігіне әсері». Докторант қоршаған ортаға және топыраққа тыңайтқыштардың кері әсерін болдырмау үшін және қоректену режимінің бастапқы күйімен салыстырғандағы динамикасын анықтау үшін күкіртті-фосфор тыңайтқыштардың (MAPS) сұр-күрең топырақтардың химиялық құрамына, күздік бидайдың өнімділігі мен дамуына, жетілуіне тыңайтқыштардың әсерін зерттеп, күздік бидайға күкіртті-фосфор тыңайтқыштарды қолданудың экономикалық тиімділігін бағалау жұмыстарын жүргізді. Алғаш рет Қазақстанның оңтүстік аймағындағы сұр-күрең топырақтардың және күздік бидай құрамындағы күкірт мөлшері анықталды. Минералды тыңайтқыштарды қолдануға зерттеліп отырған топырақтардың қоректік режиміне, дәнді дақылдардың өнімділігіне, жетілуіне және дамуына әсері анықталды.

Арғынбаева Әсель Мұхтарқызының диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Фитосанитарный статус картофелеводства по основным вирусным болезням в Казахстане». Докторант Қазақстанда алғаш рет тұқымдық және ірі картоп өсіруші шаруашылықтар мен кәсіпорындардың картоптың вирустық ауруларының болуына мониторинг жүргізді және Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде картоптың вирустық ауруларының таралу картасы жасалды. Сондай-ақ алғаш рет картоп тұқымының сапасын бақылау жүйесі әзірленді, ол Қазақстан картопының тұқым шаруашылығының дамуына елеулі үлес қосады, нәтижесінде өнімділік артады, сондай-ақ инвестициялар тарту мүмкіндігі пайда болады.

Дубекова Салтанат Бакытжановнаның диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Күздік бидайдың сары тат ауруына төзімділік селекциясына бастапқы материал шығарудың иммунологиялық негіздері». Докторант сары татқа төзімді жаңа күздік бидай будандарын алу, құнды генотиптерді анықтап, іріктеу және иммунитетке бағытталған селекция үшін, перспективті бастапқы материалды қалыптастыру бойынша зерттеулер жүргізді. Қоршаған ортаның өзгеруіне бейімделген жаңа, мутацияланған патотиптердің пайда болу қаупіне әкелетін, соңғы жылдардағы климаттық факторлардың жаһандық өзгерістері аясында сары тат (*Puccinia striiformis* f. sp. *tritici*) популяциясына төзімділігі анықталды. Бидай селекциясының жаңа генотиптік әртүрлілігін кеңейтуде іргелі және қолданбалы маңызы бар, төзімділіктің жаңа көздері мен донорлары іріктеліп алынды.

Бейсенбаева Маусымжан Есболовнаның диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Оңтүстік Қазақстанның кәдімгі сұр топырақтарының суару және минералдық қоректену режимдерін оңтайландырудың майбұршақ өнімділігіне әсері». Оңтүстік Қазақстанның табиғи климаттық ерекшелігіне бейім майбұршақтың "Ласточка" сортының биологиялық ерекшелігіне сәйкес алғаш рет суару және қоректендіру жүйесін үйлестіре оңтайландырып жетілдіру нәтижесінде тұрақты мол өнім өндіріледі. Суару және қоректендіру

жүйесін оңтайландыру кезінде майбұршақтың өсіп-дамуына әсері зерттелініп, өнімдік құрылым көрсеткіштеріне ықпалын жан-жақты зерттеліп сараланады.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Дәулет Нұржанның диссертациялық жұмысы "Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" КеАҚ-да 217 "Ғылымды дамыту" бюджеттік бағдарламасы, 102 "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" кіші бағдарламасы бойынша, ЖРН AP09259636 "SNP – маркерлерді пайдалана отырып, алма ағашының перспективалы сорттары мен телітінділерінің қауіпті ауруға - бактериялық күйікке генетикалық төзімділігін зерттеу" тақырыбы бойынша орындалды (2021-2023 жж.).

Солтанаева Акерке Мырзабаевнаның диссертациялық жұмысы номер 0709 «Сохранение и воспроизводство плодородия почв Казахстана» ҚР БҒМ гранттық бюджеттік бағдарламаның негізінде 2015-2017 жж. «Разработать эффективные приемы применения удобрений, содержащих серу под зерновые культуры» ғылыми жобалары бойынша орындалды.

Арғынбаева Әсель Мұхтарқызының диссертациялық жұмысы ғылыми-техникалық бағдарламалар аясында жүргізілді:

- 11465424 "Аса қауіпті ауруларды анықтау және ауыл шаруашылығы дақылдарының орнықтылығының генетикалық әлеуетін арттыру үшін жоғары тиімді диагностикалық жүйелерді әзірлеу және енгізу", 07-тапсырма "Геномдық технологияларды пайдалану негізінде Қазақстандағы негізгі вирустық аурулар бойынша картоп шаруашылығының фитосанитариялық жай-күйін зерттеу" (2021-2022);

- BR10765038 "Қазақстан Республикасында жеміс дақылдарының тұқымдық картоптары мен отырғызу материалдарын сертификаттау мен инспекциялаудың ғылыми-негізделген жүйесінің әдіснамасын әзірлеу және енгізу" ғылыми – техникалық бағдарламасы (2021-2023).

Дубекова Салтанат Бакытжановнаның диссертациялық жұмысы ғылыми және (немесе) ғылыми – техникалық жобаны іске асыруға мемлекеттік тапсырыс шеңберінде, (2021 – 2023) бюджеттік бағдарлама бойынша: BR10765017 «Селекциялық процесті қамтамасыз ету үшін, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің генетикалық ресурстарын сақтауды, толықтыруды, көбейтуді және тиімді пайдалануды зерттеу және қамтамасыз ету», «Қазақстанның АӨК өсімдік шаруашылығының бейімділігін, тұрақтылығын және өнімділігін арттыру үшін, селекцияның іргелі факторы ретінде ауыл шаруашылығы дақылдарының гендік қорын дамытудың кешенді жүйесін құру» жобасы аясында жүргізілді.

Бейсенбаева Маусымжан Есболовнаның диссертациялық жұмысы майбұршақ дақылына минералды тыңайтқыштар қолданып суару жүйесімен

үйлестіре оңтайландыру бағытындағы зерттеу жұмысы 2019-2021 жылдар аралығында "Оңтүстік Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми - зерттеу " тәжірибе танабында зерттелініп, ғылыми жобаны іске асыруға мемлекеттік тапсырыс шеңберінде, (2018-2021жж.) бюджеттік бағдарлама бойынша: мемлекеттік тіркеу номері №0118РК01208 болатын «Әлемдік әртүрлілікті пайдалана отырып, елдің әртүрлі өңірлері үшін жаңа, жоғары өнімді, стресстік факторларға төзімді ортада жоғары сапалы майбұршақ сорттарын құру және енгізу» тақырыбындағы ғылыми жоба бойынша жүргізілген.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Дәулет Нұржанның диссертациялық жұмысының нәтижелері бойынша бактериялық күйікке төзімділігі жоғары алма ағаштарының ең жақсы сорттары мен телітушілері бөлініп, өсіруге ұсынылды. Алманың генетикалық төзімді сорттары мен телітушілерін анықтау негізінде селекциялық процесті жетілдіру және жемістердің өнімділігін арттыру үшін саланың шаруашылық жүргізуші субъектілеріне бактериялық күйікке төзімді алма сорттарын өсіруге мүмкіндік беретін ұсыныстар әзірленді. Әзірленген ұсынымдар Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, Бәйдібек би ауылында "Бақтияр-М" ЖШС-нің көлемі 9 гектар алма бағында енгізілді.

Солтанаева Акерке Мырзабаевнаның диссертациялық жұмысы бойынша алынған нәтижелер күкіртті тыңайтқыштар Түркістан облысы Қазығұрт ауданының сұр-күрең топырақ жағдайында күздік бидайдың жоғары өнім алуына мүмкіндік берді. Тыңайтқыш – топырақ – өсімдік зерттеу нәтижелерінің материалдары топырақтың қайта қалпына келтіруді жоспарлауға негіз болды. Жинақталған мәліметтер бойынша «Оңтүстік Қазақстан облысының сұр-күрең топырақ жағдайында күздік бидайға күкіртті тыңайтқыштарды қолдану» бойынша «Мамытбай» шаруа қожалығына өндіріске ұсыныс жасалды.

Арғынбаева Әсель Мұхтарқызының зерттеу нәтижелері вирустық инфекцияларды реттеу және Қазақстанда картоп өнімділігін арттыру үшін тікелей қолданылады. Вирустарды анықтаудың дамыған әдістері тұқым материалының фитосанитарлық жағдайын бақылау үшін ауыл шаруашылығында кеңінен қолданыла алады. Вирустық аурулардың таралу карталары проблеманың ауқымын бағалауға және аурулармен күресу үшін негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер картоптың тұқым өсіру жүйесін жақсартуға және импортталған тұқым материалына тәуелділікті азайтуға ықпал етеді.

Дубекова Салтанат Бакытжановнаның ғылыми зерттеу нәтижесінде күздік бидай будандарының 4 құнды генотиптері анықталып, төзімділіктің жаңа көздері мен донорлары іріктеліп алынып ғылыми зерттеу жобаларына ұсынылды. Иммунологиялық құнды, сары тат ауруына төзімді күздік бидайдың жаңа будан линиялары қабылдау және тапсыру Актісімен расталып, Селекцияға бастапқы материал ретінде және Қазақ егіншілік және

өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының «Гендік қор» бөліміне дәнді дақылдардың генотип қорын кеңейту үшін, мақсатты түрде тапсырылды.

Бейсенбаева Маусымжан Есболовнаның ғылыми зерттеу нәтижесінде майбұршақ дақылына минералды тыңайтқыштар қолданып суару жүйесімен үйлестіре оңтайландыру бағытындағы тәжірибе нәтижелері" Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Спатаев көшесі 38, «Бес-жал» " өндірістік кооперативінде енгізілген. Түркістан облысының топырақ және ауа райының қалыптасу ерекшеліктеріне байланысты майбұршақ дақылын өсіру кезінде агротехникалық шаралары ұсынылды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық Кеңестің отырыстарында қорғалатын диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттер қаралды және бекітілді. Рецензенттер халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдары бар, тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі мен атақтары бар ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдары тағайындалды. Диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлер ұсынды, онда олар таңдалған тақырыптың өзектілігін, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, тұжырымдар мен ұсыныстардың негізділік дәрежесін, олардың жаңалығын бағалады, философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды берді. Бекітілген рецензенттердің жұмысы және олардың пікірлері талаптарға сай болды.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарды диссертациялық кеңеске ұсынғанға дейін күшейту қажет. Сонымен қатар, PhD дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңеске ұсынылатын ғылыми жұмыстардың сапасы үшін ғылыми консультанттардың жауапкершілігін күшейту және олардың еңбегін ынталандыру қажет. Бұл рәсім қорғалатын диссертациялық жұмыстардың ғылыми деңгейін жақсартуға және сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 5;

2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрағасы  С. Қалдыбаев

Диссертациялық кеңестің ғылым  Г. Кайрова
ғалым хатшысы 

18.12.2025 г.